



№ 34 (1418)  
1 қараша,  
2011 жыл

Апталық 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

www.kaznu.kz

## ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТТЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНДА РӨЛІ ҚАНДАЙ?



Әлемдік білім және ғылым кеңістігінде зерттеу университеттерінің алар орны ерекше. Қазақстандағы жоғары оқу орындарының көшбасшысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әлемдік дәрежедегі топ-университеттер қатарына еніп, рейтингісі жоғары көтерілуде. Бүгінде ҚазҰУ ұлттық зерттеу университетіне айналу жолында жаңару мен жаңғыру үстінде. Осы орайда 27 қазанда Ә.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайында «Зерттеу университеттерін қалыптастыру және олардың Қазақстан Республикасының инновациялық дамуына қосатын үлесі» атты халықаралық форум өтті.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған халықаралық форумды ҚР Білім және ғылым

министрлігі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, IGIP Қазақ ұлттық мониторинг комитеті, KazSEE Қазақстандық инженерлік білім

беру қоғамы және ҚР Инженерлік академиясы арнайы ұйымдастырып отыр. Жалпы форум жұмысына әлемнің 30 елінен 100-ден аса ғалым және жоғары білімнің көрнекті қайраткері, сондай-ақ, халықаралық IGIP, IFEES, SEFI, COPEC халықаралық ұйымдарының өкілдері және Қазақстан жоғары оқу орындарының ректорлары қатысты.

(Жалғасы 3-бетте)

В КазНУ с успехом прошел международный форум по вопросам развития исследовательских университетов, который собрал более 100 видных ученых и деятелей высшей школы из 30 стран мира, а также представителей международных организаций IGIP, IFEES, SEFI, COPEC, руководителей казахстанских вузов. Проведение столь масштабного мероприятия еще раз подтвердило ведущие позиции университета в стране и его высокий международный авторитет. В работе форума принял участие Министр образования и науки РК Бақытжан Жумагулов.

## КазНУ ОБРЕТАЕТ ДРУЗЕЙ

В течение трех дней участники форума на пленарных и сессионных заседаниях обсуждали вопросы формирования и развития исследовательских университетов, академической мобильности студентов и преподавателей, инновационной деятельности, коммерциализации научно-исследовательских и опытно-конструкторских разработок ученых. Зарубежный опыт рассматривался через призму применения на практике в вузах Казахстана, в частности в КазНУ им. аль-Фараби.

Первым итогом проведения форума стало подписание соглашений о сотрудничестве КазНУ им. аль-Фараби с Советом по исследованию в сфере образования и науки (COPEC, Бразилия), Высшим инженерным институтом Лиссабона (Португалия), Новосибирским государственным университетом экономики и управления «НИИХ» (РФ), Химическим исследовательским институтом университета Карачи (Пакистан).

(Продолжение на 2 стр.)

РЕКТОРАТ

### Жаңа бастамаларға бастар жол

Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары арасында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ 38 бакалавриат мамандықтары бойынша үздік деп танылды. Университетке ҚР БЖҒМ Ұлттық аккредиттеу орталығының «2011 – Ұлттық рейтингісі» сертификаты берілді.

Тағы бір биікті бағындырғанымыз жарияланғаннан кейін ҚазҰУ-дың 31 қазанда өткен кезекті ректорат мәжілісінде әдеттегідей, бірқатар халықаралық екіжақты келісім-шарттарға қол қойылды. Бірнеше шетелдік жоғары оқу және ғылыми-зерттеу орындарымен атап өтер болсақ, ISEL Лиссабон жоғары инженерлік институты, ISEL Президенті Хосе Карлос Квадрадо, Білім және ғылым аясындағы зерттеулер бойынша COPEC Кеңесінің Президенті Клаудио да Роша Брито, Новосібір мемлекеттік экономика және басқару университетінің Бірінші проректоры Леонид Бобровпен алдағы уақытта бірлескен жобалар іске аспақ.

(Жалғасы 2-бетте)

БАСТАМА

## «Балам» дейтін әкім жерлестерін іздей келді

28 қазанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Шығыс Қазақстан облысының әкімі Бердібек Сапарбаев арнайы келіп Алматыда оқып жатқан шығысқазақстандық студенттермен кездесті. Кездесуге келген қонақтар қатарында ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан Жумагулов, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Серік Сейдүманов, сонымен қатар, шығыс өңірінің тумалары бүгінде елімізге кеңінен танымал мәдениет және өнер қайраткерлері, ғалымдар, журналистер, әдебиет өкілдері, жазушылар мен басқа да зиялы қауым өкілдері бар. Мәселен, зиялы қауым демекші олардың қатарын Шерияздан Елеукунов, Бибігүл Төлегенова, Бауыржан Жақып, Майра Илиясова, Толқын Забиров сында аты елімізге танымал топ бастап келді.

Шығыс делегациясына қарата айтқан сөзінде Білім және ғылым министрі: «Ұлы Абайдың, Шәкәрімнің елінен келген зиялы қауым бүгін арамызда. Облыс әкімінің бастамасымен Алматыда оқып жатқан шығысқазақстандық студенттермен кездесу өткізіліп отыр. Әкім өзі бастама танытып жастарға келуі үлкен маңыздылықты аңғартады. Бұл сапардың басты мақсаты «Дипломмен ауылға» бағдарламасының аясын кеңейтуге арналып отыр. Менің білуімше, Алматының жоғары оқу орындарында Шығыс Қазақстан облысынан келген төрт мыңнан аса студент маманданып жатса, бүгінгі кездесуге солардың арасындағы ең үздіктері саналатын

төрт жүздей келіп отыр деп сенемін», - деп атап өтті. Бұдан кейін Бақытжан Тұрсынұлы бір жыл ішінде отандық білім және ғылым кеңістігінде жасалынып жатқан іргелі істерге, қабылданған заңдарға тоқталды. Ал жастар аудиториясына қарағандай болып келіп отырған шығыстың шынарларына қарап қабілетті маман, ел сенімін ақтар үлкен азамат болуларын тіледі. Шығыс топырағынан шыққан майталмандарды атап, сол аға буынға қарап өздерін дамыта түсуді, бүгінгі кездесуде әдейі мақтанш ретінде шақырып отырған жерлестерін үлгі етуді айтты. Сонымен бірге жас ұрпақ тәрбиесіне, біліміне үлкен мән беріп отырған әкімнің ісіне құрмет танытты. «Шығыс елі зиялы қауымға бай өңір. Ол



киелі топырақтан түлеген, сендер де, оңтүстік өңірінде тек көшбасшылық таныта беріңдер», - деген лебізімен бөлісті. Министрден кейін сөз алған ШҚО әкімі Бердібек Сапарбаев өңірлік дамуын, облыстың ел экономикасына қосып жатқан үлесін саралап, аграрлық шаруашылықпен ерекшеленетін Шығыс Қазақстанның, сонымен қатар индустриялық дамуда да алар орнын ерекше атап көрсетті.

(Жалғасы 2-бетте)

# «Балам» дейтін әкім жерлестерін іздей келді

(Басы 1-бетте)

Бердібек Сапарбаев: «Шығыстан Оңтүстікке арнайы ат басын бұрып отырмын. Бір жағынан жерлестерімнің қалжағдайымен, оқу үлгерімдерімен танысуға арналады. Жат жерде шығыс елінің туын биік ұстап жүр ме, әлде атымызға кір келтіруде ме деген сауалға жауап іздей келдім», - деп әзіл-шыны аралас бір толғап өткеннен кейін, ол: «Жастар – біздің болашағымыз. Бұл келуім сіздердің іздеушілеріңіз бар екенін, сонымен бірге студенттерге артар сенімнің зор екендігін айқындайды. Арнайы кездесе отырып, жоғары оқу орнын тәмамдағаннан кейін «Дипломмен ауылға» бағдарламасына үн қосыңыздар деген тілек айтамын. Шығыс өңіріне мықты маман болып оралып, туған елдеріңіздің, туған жерлеріңіздің дамуына үлес қосыңыздар деген ұсынысымды жеткізе келдім, - дейді. Содан кейін Алматыдағы әрбір жоғары оқу орындарында оқып жатқан студенттерге орташа көлемдегі шәкіртақы, ал, ең үздік 20 студентке облыс әкімінің грамотасы мен сыйақы табыс етті. Сонымен қатар, алматылық ЖОО ректорларына алғыс хат жолдады. Кездесу барысында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалым Мұтанов: «Облыс әкімі арнайы келіп, болашақ мамандарымызды бірге қалыптастырып, бірлесіп тәрбиелеуге бастама танытып отыр. Ол құптарлық іс. Өңірден шыққан студенттерге биліктің көңіл аударуы үлкен жауапкершілік», - деген пікірімен бөлісті. Жиында Ғалым Мұтанов пен Бердібек Сапарбаев әл-Фараби атындағы



ҚазҰУ мен ШҚО арасында мамандарды бірігіп дайындау келісім-шартына қол қойды. Қазіргі таңда Алматыда 4 жарым мың шығысқазақстандық студент білім алса, олардың басым көпшілігі медициналық, педагогикалық, техникалық, аграрлық оқу орындарында маманданып жатыр. Ал, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде мыңға тарта шығыстық студент біліммен сусындауда.

«Жалынды 20 студенттің қатарынан табылып, киелі қара шаңырағымыз – Қазақ ұлттық университетінің атынан шығу мен үшін үлкен мәртебе, биік жетістік болды. Болашақ – жастардың, яғни біздің қолымызда. Бізге үлкен ағаларымыз үміт артып отыр. Сондықтан біз, жастар, сенімді ақтай отырып, еліміздің көркеюіне, дамуына өз үлесімізді қосуға әрқашан дайынбыз. ҚР Білім және ғылым министрімен, шығыс өңірінің тума-

ларымен және зиялы қауым өкілдерімен кездесу үлкен әсер қалдырды. Бердібек Сапарбаевтың бізге жасаған сый-құрметі үшін шексіз ризашылығымды білдіремін. ШҚО облыс әкімінің игі бастамасы қалған өңірлерге де үлкен үлгі болып, одан ары жалғасын таба беретініне сенімім мол», - дейді ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультетінің 3-курс студенті шығысқазақстандық Ақмарал Қарлыбаева.

Бүгінде «Дипломмен ауылға!» бағдарламасы шеңберінде жас мамандар ауылға барып, туған жерінің өсіп-өркендеуі жолында тынбастан еселі еңбек етуде. Дегенмен, әлі де еліміздің әр аймағында жас мамандар тапшы. Мысалы, бұл кездесуден белгілі болғандай, Шығыс Қазақстан өңіріне 1000-ға тарта маман қажет. Әсіресе, техникалық, өндіріс және ауылшаруашылығы, дәрігерлер мен педагогтар тапшылығы байқалады. Әкім Бердібек Сапарбаев Алматыда білім алып жатқан студенттерді елге келіп жұмыс істеуге шақыра отырып, барлық мамандарға жағдай жасауды өз мойнына алатынын жеткізді. Ол үшін дарынды жастарға грант бөлінеді және жас мамандарға пайыздық көрсеткіші төмен несие ұсынылып, ауылға барған жастарға бейімделу үшін 104 мың теңге көлемінде жәрдемақы төленбекші. «Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз» демекші, алтын бесігіміз – ауыл көркейсе, мемлекетіміздің де кесегі көгере бермек. Өңір басшысының арнайы келуі маманға сенім тудырып, болашағынан зор үміт күттірді.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

РЕКТОРАТ

## Жаңа бастамаларға бастар жол

(Басы 1-бетте)

Карачи Университеті Химия зерттеу институтының (Пәкістан) директоры, профессор Мухаммад Икбал Чаудри, ҚазҰУ және химия және химиялық технология факультетінің деканы Ердоң Оңғарбаев арасында ұшжақты келісімшартқа қол қойылды. Бұл құжат зерттеу университетіне айналып жатқан ҚазҰУ-ға ғылыммен айналысу бағытында үлкен мүмкіндіктер кеңістігі болмақ. Ал РФА академигі, РФА-ның математика және информатика бойынша біріккен кеңесінің Сібірлік бөлімшесінің төрағасы Юрий Ершов РФА-ның «Алгебра және логика» рейтингтік журналының күміс белгілерімен іргелі математика кафедрасының профессоры Серікжан Бадаевты, ҚР БЖҒМ Математика институтының профессоры Михаил Перетяткинді және БЖҒМ Математика институтының профессоры Қанат Құдайбергеновты марапаттады.

Ректорат мәжілісінде сонымен бірге «Зерттеу университеттерін қалыптастыру және олардың Қазақстан Республикасының инновациялық дамуына қосатын үлесі» тақырыбында өткен халықаралық форумның қорытындысы туралы бірінші проректор Мұхамбетали Бүркітбаев баяндама жасап, атқарылған жұмыс бойынша университет ұжымына үлкен алғысын білдірді.

ҚазҰУ-да бірнеше жыл ұстаздық етіп, маман қалыптастыруда сүбелі үлес қосқан профессор Марат Хасановты мерейтойымен ҚазҰУ ұжымы атынан ректорат мәжілісінде құттықтап, гүл шоғын ұсынды. Алғыс хат тапсырды. Бұнымен қоса жақында Арқалық қаласында өткен Ұлы ағартушы Ы.Алтынсариннің 170 жылдық мерейтойына арналған республикалық студенттер айтысында үздік өнер көрсетіп, халық ақыны Сәт Есенбаев атындағы жүлдемен және II дәрежелі лауреат дипломымен оралған, сонымен қатар, Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастырған «Алматы – оқырман қала» айлығында «Қазақшаң қалай, Алматы?» жас ақындар айтысында 3-ші орын иеленген филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті Манас Қайыртайұлы да университет басшылығы тарапынан марапатқа ие болды.

Еллік АҚЖІПТ

СОТРУДНИЧЕСТВО

## КазНУ обретаєт друзей

(Начало на 1 стр.)

Кроме того, с участием зарубежных гостей создан международный клуб «Друзья КазНУ им. аль-Фараби». Работа этого международного объединения, основанного на добровольном членстве, направлена на оказание содействия развитию университета, продвижению и укреплению его позиций в мировом научно-образовательном пространстве. Клуб будет также развивать эндаумент – привлекать средства для поддержки и осуществления образовательной, научной и инновационной деятельности вуза.

На первом заседании председатель клуба, ректор КазНУ Ғалым Мұтанов поблагодарил иностранных коллег за поддержку и искреннее желание активно помогать университету в осуществлении амбициозных целей. «Предложение стать друзьями КазНУ, влиться в его многотысячный коллектив, помогать ему и представлять интересы нашего живой отклик зарубежных гостей. Многие вступили в него и выразили готовность совместно работать». Почетным председателем клуба друзей КазНУ избран Бакытжан Жумагулов – выпускник университета, возглавлявший его, ныне Министр образования и науки РК. Сопредседателями клуба стали: Клаудио да Роча Брито - президент Совета по



исследованиям в сфере образования и науки (Бразилия), Лусия Родригез - директор глобальной магистерской сети Колумбийского университета (США), Ханно Шаумбург - почетный профессор Гамбургского университета технологий (Германия), Хосе Карлос Квадрадо - президент международной федерации обществ инженерного образования, президент института современной инженерии Лиссабона (Португалия), Юрий Петрович Похолков - прези-

дент Национального исследовательского Томского политехнического университета, президент ассоциации инженерного образования России, Пак Ёнг Мин - президент компании «Jiryung+2 International» (Ю.Корея).

На сегодняшний день в клуб друзей вступили 43 человека, из них 39 представители ближнего и дальнего зарубежья.

Соб.кorr.

ТУРНИР

## Дело о Северной Манконии

24-25 октября на факультете международных отношений прошел традиционный открытый турнир по международному публичному праву, посвященный 20-летию независимости Казахстана.

Турнир был организован в рамках реализации программы Организации Объединенных Наций «Академическое влияние», участником которой наш университет стал совсем недавно. Примечательным является и то, что турнир стал первым мероприятием после подписания меморандума о сотрудничестве между Представительством ООН в Казахстане и КазНУ им. аль-Фараби.

Состязание проводилось в форме игрового судебного процесса по делу «О Северной Манконии» в Международном Суде ООН и состояло из трех этапов (отборочного, полуфинала и финала). В качестве судей были приглашены ведущие специалисты в области международного права и юриспруденции. Всего в «международном судебном процессе» приняли участие 15 команд из КазНУ им. аль-Фараби и КазУМОиМЯ им.Абылай хана.

В полуфинал вышли четыре команды факультета международных отношений КазНУ, которые представляли студенты второго курса - Тогжан Ахмед-Заки и Айдана Сади-

бекова, третьего - Зарина Жамангарева, Лаура Алиханова, Динара Жарасова и Лаура Калымбекова, четвертого - Мариям Абилкасымова и Даурен Уразов.

По итогам состязания лучшим спикером турнира была признана Лаура Алиханова, вместе с Лаурой Калымбековой она стала победителем турнира. Призеры мероприятия были награждены сертификатами и ценными подарками.

Александр АЛЕКСЕЕВ,  
ответственный за НИРС и УИРС  
кафедры международного права

(Басы 1-бетте)

Форум жұмысын ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов ашып: «Бүгінгі форум Қазақстан Республикасының 20 жыл ішіндегі қарқынды даму жолын саралап, Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев айқындап берген отандық ғылым мен білімді жаңа белестерге көтерудің бірден-бір шешуші тәсілі ғылыми зерттеу университетін дамыту мен оны өркендетудің өзекті мәселелерін талқылауға арналады. Халықаралық форумға әлемнің 30-дан астам елінен 100-ден астам лауазымды өкілдің қатысуы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің және Халықаралық Инженерлік академиясының қолдауы форумның маңыздылығын арттырады. Зерттеу Университетінің Мемлекетімізде қолға алған Үдемелі Индустриалды-Инновациялық экономикалық дамудың бірден-бір негізгі буыны болатындығы бүгінгі



## ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТТЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНДА РӨЛІ ҚАНДАЙ?

форумның маңызды тақырыбы болып табылады. Бұл шараның ел дамуына өз үлесін қосатынына сенімдемін», - деп атап, форум жұмысына сәттілік тіледі.

Академик Ғалым Мұтанов форум жұмысын ашқаннан кейін сөз кезегі шетелдік қонақтарға берілді. АҚШ, Колумбия университеті Ғаламдық магистрлік желісінің директоры Лусия Родригез: «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ұйымдастырып отырған халықаралық конференцияға қатыса тұрып, бұл білім ордасынан алар мол тәжірибеге куә болдым. Тіпті, біздің университеттеріміз үшін қазақстандық жоғары оқу орындарының көшбасшысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дан алғашқы үлгі көп деп ойлаймын. Қазақстандық ЖОО-лардан көп нәрсе үйренуімізге болады екен. Мәселен, ҚазҰУ Глобал класс бағдарламасын сәтті атқаруда», - деген ойын жеткізді. Ал IFEEES Инженерлік білім қоғамдары халықаралық федерациясының президенті, Лиссабонның қазіргі заманғы инженерлік институтының президенті (Португалия) Хосе Карлос Квадрадо: «Бүгінгі форум шетелдік ғалымдардың өзара тәжірибе алмасуына, жаңа идеялар мен тың бастамалардың туындауына негіз болады. Бұл, әрине, университеттер өзіндік жобаларды айнақатесіз көшіру деген сөз емес, пікір алмасу дегенді білдіреді. Ғылым, білімді дамытуда көшірме емес, өзіндік қолтаңба, өзіндік тәжірибе қажет. Бөтен жобаларды «ұрлау» емес, жаңасын туғызу керек. Мен ҚазҰУ-дың оқытушы-профессорларымен танысу барысында, қазақстандық ғалымдардың тың жобаларды дүниеге әкелуге қабілетті, жоғары әлеуетті мамандар екендігіне куә болдым», - деген ойымен бөлісті. Ал АҚШ Роуэн университетінің профессоры, Инженерлік білім бойынша америкалық қоғамының басқару мүшесі Стефани Фаррелл студенттерді алмасып оқыту екі жақты мәселесін алға тартып, жас ғалымдарды бірге дайындауға шақырды.

Форумның пленарлық және секциялық отырысында зерттеу университетінің қалыптасуы мен дамуындағы шетелдік тәжірибелер, оқытушылар мен студенттердің академиялық мобилділігі, инновациялық қызмет пен ғалымдардың ғылыми-зерттеу, құрастырмалы-тәжірибелерін жетілдіру тұстары қарастырылды. Сонымен бірге форум барысында шетелдік қонақтардың қатысуымен «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың достары» халықаралық клубы құрылды. Бұл халықаралық бірлестіктің жұмысы ерікті түрде мүшелікке негізделген, клуб университеттің дамуына әсер етіп,



оның әлемдік ғылым-білім кеңістігінде алға жылжып, нығаюына қолдау таныту мақсатында құрылды. Клуб сонымен қатар эндаумент құралдарын ЖОО-ның білім, ғылым және инновациялық бағытын дамытуға қолдануға шақырады.

Форум 28 қазан күні мәресіне жетіп оның жабылуына ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұлов арнайы келді. Форум қатысушыларымен және жиналған қауыммен амандасқаннан кейін алғы сөзінде министр: «Форум аясында «Зерттеу университеттерін қалыптастыру және олардың Қазақстан Республикасының инновациялық дамуына қосатын үлесі» тақырыбына орай әр секцияда баяндамалар тыңдалып, қысқынстар айтылды. Бұл конференцияның бір ерекшелігі. Қазір Қазақстанда жаңа ғылым заңы қабылданды. Сол жаңа ғылым заңы мен білім заңының аясында зерттеу университеттері деген түсінік пайда болды. Зерттеу университеттері қандай болу керек, қай бағытта жұмыс істеу керек, келешекте зерттеу университеттері жүктелетін міндеттер қандай болады? Осы бағытта ауқымды жұмыстар жасалуда. Ол игіліктер Қазақстанның барлық университеттерінде жүзеге асырылып жатыр. Әлемдік деңгейде зерттеу университеттері бес пайыздан аспайды. Бұл, ең бастысы, университеттердің кадрларына, ғылыми, техникалық қорына байланысты. Сондықтан осы бес пайыздың ішіне кіру оңай емес. Секцияда қаралған мәселелердің тақырып ауқымы өте кең. Барлық жасалып жатқан іс-шараларға көңіл толды. Алдағы уақыттарда да мұндай іргелі жұмыстардың ҚазҰУ-да көптеп жүзеге асырылатынына сенемін», - деп форум жұмысын жоғары бағалады.

Халықаралық форум барысында секция үш бағытта жұмыс жасаған болатын. Бірінші бағыт зерттеу

серіктестік, корпоративті мәдениеттің дамуы және тағы да басқа атқарылған іс-шаралар білім ордасының жаңғыру, жаңару үлгісін құрады. Университеттің жаңару жолында атқарылып жатқан толағай еңбектер өзінің алғашқы жемісін берді. Quasquarelli Symonds (QS, Ұлыбритания) агенттігінің зерттеулеріне сәйкес, ҚазҰУ үздік секіріс жасап, дүние жүзі деңгейіндегі университеттер көрсеткіші бойынша бір жыл ішінде әлемдік топ-университеттер рейтингінде әлемнің 700 үздік университеті арасында 200 орынға жоғарылап, 401-450 дәрежеге енді. Бұл ретте ҚазҰУ әлемдік үздік университеттердің ортаңғы бөлігіне жақындаған Орталық Азиядағы тұңғыш университет болып табылады. Әл-Фараби

атындағы Қазақ ұлттық университеті – БҰҰ Бас хатшысы Пан Ги Мунның бастамасымен құрылған Біріккен ұлттар ұйымының «Академиялық ықпал» бағдарламасына қабылданған Қазақстан ЖОО арасындағы тұңғыш университет.

ҚазҰУ-да интеллектуалды әлеует қалыптасқан: 2000-нан аса жоғары білікті оқытушы жұмыс істейді, оның ішінде 11-і ҚР ҰҒА академигі, 53 инженерлік және басқа да академия академиктері, 300 ғылым докторы, 700 доцент және ғылым кандидаттары, 40 PhD докторы бар.

Университет халықаралық стандарттарға сай келетін білім бағдарламасына көшті. Орталық Азия аймағы бойынша білім мен ғылымның жетекші орталығы ретінде белсенді дамып, әлемдік білім кеңістігінде мойындалып келеді. Бүгінде университетте еліміздің әр аймағынан және алыс-жақын шетелден 19 мыңнан аса студент білім алуда. Университет қалашығында оқу ғимараттары, кітапхана, интернет орталығы, тамақтандыру комбинаты, спорт кешені, кинотеатр, студенттер сарайы, барлық жағдай жасалған жатақханалар жұмыс істейді.



P.S.

Халықаралық форум жұмысы қорытындыланғанымен, университеттің әр факультетінде әлемнің жетекші университеттерінен келген шетелдік ғалымдар 5 қарашаға дейін студенттерге арнайы дәрістер оқып, семинарлар өткізіп, ҚазҰУ кампусымен және оның ғылыми инфрақұрылымымен танысуды жалғастыра бермек.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

